

ISSN 2523-4684
e-ISSN 2791-1241

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми
журналы

scientific
journal

научный
журнал

ARTS ACADEMY

1 (1) 2022

Наурыз 2022
March 2022
Март 2022

2022 жылдың наурыз
айынан шыға бастады
published since March 2022
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады
published 4 times a year
выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан қаласы
Nur-Sultan city
город Нур-Султан

Редакциялық алқаның төрағасы

Асылмұратова А.А. - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары

Нүсіпжанова Б. Н. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

Бас редактор

Толысбаева Ж.Ж. - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Редакциялық алқа

Кульбекова А.К. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

Саитова Г.Ю. - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Ізім Т.О. - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Жумасейтова Г.Т. - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

Казашка В. - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

Фомкин А.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

Дзагания И. - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

Таптыгова Е. - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

№ KZ77VPY00045494 куәлік.

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Ұлы Дала даңғылы, 9, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

Chairman of the Editorial Board

Asylmuratova A. A.

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

Deputy Chairman of the Editorial Board

B.N. Nusipzhanova

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

Editor-in-Chief

Zh.Zh. Tolysbaeva

- Doctor of Philology, Professor.

Editorial Board

A.K. Kulbekova

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

G.Yu. Saitova

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

T.O. Izim

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

G.T. Zhumaseitova

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

V. Kazashka

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

E. Veizans

- PhD (Latvia);

M.T. Tulyakhodzhayeva

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

A.V. Fomkin

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

I. Dzagania

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

E. Tapytova

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Nur-Sultan city, Uly Dala avenue 9, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2022**

Председатель редакционной коллегии

Асылмуратова А. А. - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

Заместитель председателя редакционной коллегии

Нусипжанова Б.Н. - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

Главный редактор

Толысбаева Ж.Ж. - доктор филологических наук, профессор.

Редакционная коллегия

Кульбекова А.К. - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

Саитова Г.Ю. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

Ізім Т.О. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

Жумасейтова Г.Т. - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

Казашка В. - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

Фомкин А.В. - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

Дзагания И. - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

Таптыгова Т. - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № **KZ77VPY00045494**, выданное **02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Нур-Султан, пр. Ұлы Дала, 9, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Казахская национальная академия хореографии, 2022**

Жумакулова Мергул Канатовна¹

¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

ЖАС ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация

Мақалада Махамбет Өтемісұлы шығармаларын оқыта отырып, жас жеткіншектерді өршіл рухта тәрбиелеу туралы жазылған. Махамбет – шын мәніндегі халық ақыны. Ол халықтың ой-арманын, мұң-мүддесін, тілек-мақсатын үздіксіз жырлады. Халықтың арман-үмітіне қуат беріп, бар азап-қайғысын арқалап өткен азамат ер екендігін ұғындыру. Ақын жырларының негізінде ерлікке, елдікке, батырлыққа баулу. Елін, жерін сүйге, патриот болуға шақыру.

Түйінді сөздер: ерлік, батыр, күрескер ақын, жалынды, өткір жырлар, ақын.

Жумакулова Мергул Канатовна¹

¹Казахская национальная академия хореографии
(г. Нур-Султан, Казахстан)

ЗНАЧЕНИЕ ПОЭЗИИ МАХАМБЕТА В ПАТРИОТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ МОЛОДЁЖИ

Аннотация

Статья о роли произведений Махамбета Утемисова в обучении и воспитании молодого поколения. Махамбет – настоящий национальный поэт. В своём творчестве он воспевал мечты, печали, желания и чаяния людей. Он вселял людям веру и надежду в свои силы, и пояснял, что человек, претерпевший все невзгоды – это и есть личность. На основе его поэзии воспевается мужество, Отечество, героизм. Его творчество призывает любить страну, землю, быть патриотом.

Ключевые слова: героизм, герой, боевой поэт, зажигательные, острые песни, поэт.

Zhumakulova Mergul Kanatovna¹

¹Kazakh national academy of choreography
(Nur-Sultan, Kazakhstan)

THE SIGNIFICANCE OF MAKHAMBET'S POEMS IN PATRIOTIC EDUCATION OF YOUNG PEOPLE

Annotation

The article describes how to educate young people in an ambitious spirit by teaching the works of Makhambet Utemisuly. Makhambet is a truly national poet. He constantly sang about the people's thoughts, dreams, interests, desires and goals. Gave energy to the people's dreams and hopes. In his poems, The Poet instills courage, patriotism, and heroism. The purpose of the event is to inform the public about the history of the Kazakh people. The main purpose of the event is to familiarize students with the history of the Kazakh people. He calls people to love our country, own land, and be a patriot.

Key words: *courage, hero, fighter poet, fiery, sharp poems, poet.*

Кіріспе. Кез келген халыққа бәрінен бұрын асқақ рух керек. Қай заманда, қай елде болмасын сол халықтың асқар таудай асыл перзенттері ең алдымен өз ұлтының, туған халқының еңсесін көтеріп, рухын асқақтату жағын ойлап өткен, сол жолда күрескен, тіпті құрбан болған. Сол себепті ата-бабамыз армандап өткен азаттығымызға жеткен кезеңде, біздің ең қымбат мүддеміз, асылымыз, ардақтымыз – ұлттық рух екенін естен шығармауымыз керек. Рухы мықты адам ғана Отанын шын сүйетін нағыз патриот бола алады. Ал Махамбет шығармашылығы – бүгінгі отаншыл ұрпақты елін, жерін сүюге тәрбиелейтін таусылмас тағылым көзі. Баба мұрасы бүгінгі оқу – тәрбие ісінде пайдалану оның дүниетанымдық ұғымдарды қалыптастыруда, жас ұрпақты патриоттық, адалдық, адамгершілік, имандылыққа тәрбиелеуде азық бола беретіні анық.

Зерттеу әдістері. Махамбет – елдік пен ерлік идеясын ұрпақтап – ұрпаққа жеткізіп қана қоймай, ұлттық рухтың қуатын, қайыспайтын қара нардай қайратын, мұқалмайтын алдаспандай сенім мен жігерін мәңгілікке сөзімен де, ісімен де өрнектеп қалдырып кеткен ақиық Ақын. Халқының еркіндігі мен бостандығы үшін ақырына дейін күрескен батыр, қолбасы. Тәуелсіздік жолындағы қасіретті де, қасиетті

жолды өз еркімен таңдап, осы жолда құрбан болған ер Тұлға. Бүгінгі ұрпақ үшін ақынның өмірі де – үлкен өнеге мектебі бола бермек [1, 45 б.].

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу. «Ерлік пен елдіктің өшпес рухы» мақаласында автор Махамбет есімі қасіреттің синониміне, өнердегі қасиеттің символына айналған аса аяулы әрі ардақты ат екендігін, көзі ашық, көкірегі ояу қазақтың бір де бірі бұл есімге бейтарап қарай алмайтындығы туралы жазылған.

Зерттеу нәтижесі. Махамбет өлеңі –қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ. Оның өзге тілге оңай аударылматыны да сондықтан [2, 114 б.].

Махамбет - балалар әдебиетінің өкілі емес, бірақ өлеңдерінің бірсыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Ерлікті дәріптейтін шығармаларды көп оқу балалар психологиясына тән нәрсе. Олар мұндай шығармаларды өте тез түсінеді, тез қабылдайды. Балалар әрқашан патриоттық күш-қайрат беретін, өздерін жігерлендіре түсетін шығармалардың ішіндегі кейіпкерлерге үнемі еліктеп отырады. Мазмұны қызықты және оқушысын патриоттық идеяға баулитын шығармалар жастың үлкен, кішілігіне қарамай бәріне бірдей қызмет етеді. Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Қызғыш құс» деген өлеңдері – балалардың ойына қозғау салатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым шығармалар. Сонымен қатар, балалардың жаттап алуына жеңіл, орамы күшті, әсерлі сөздер мен жанды теңеулер бар. Өлеңнің құрылыс өлшемі шағын, қысқалығы жағынан да балалар үшін ұтымды.

Ол «Қара қазан сары бала қамы жолында» «Еділ үшін егесіп, Жайық үшін жандасып, Қиғаш үшін қырылып, Тептер үшін тебіскен, сөйтіп Еділдің бойына ел қондыруды, жағалай жатқан сол елге мал толтыруды» армандаған күрескер ақын. Оқырман

оқушы оның қарапайым халықтың қамын ойлаған азаматтығын:

Алтын тақты хандардың,
Хандығынан не пайда,
Қаріп пенен қасірге

Туралық ісі болмаса? – деген өлең жолдарынан тани алады.«Атадан ұл турса игі, ата жолын құса игі» деген халық даналығын құлағына құйып өскен, жетімдер мен жесірлерге, жалпы, жағдайы нашарлап кеткен халыққа қол ұшын бермек болып күреске шыққан ақын өлеңдерінің негізгі идеясы мына тармақтарда айқын көрінеді:

Ақ жұмыртқа, сары уыз,
Әлпештеп қолда өсірген
Қолына найза алмаса,
Атаның жолын қумаса?! [1, 45 б.].

Махамбеттің күйттегені –елдің қамы, елдің мұраты. Махамбеттің өлеңдерінде сорғалаған қан мен қасық қаны қалғанша айқасқа әзір батырлық рух бар. Ол-халықтық рух. Ақын жүрегі «елім» деп дүрсілдеп, «халқым» деп, қалтырайды.

Егесіп өткен асыл ерім – ай!
«Палуан жолбарыс секілді
Алысқанда алып ұрған білегім.
Қамалаған жаудан қайтпаған
Қарсы біткен жүрегім!..
Орма мылтық тас ұрып,
Тауға аттанар күн қайда?
Түлкідейін түн қатып,
Бөрідейін жол жатып...

Жау тоқтатар күн қайда? – деп өзі жырлағандай шыбын жаннан түңіліп, атқа қонған аруақты азамат еді. Ол өз жайынан халықты жоғары қойған аптал ер еді... Жәңгірдің қасында сарай ақыны болып жүруге намысы жібермей, елдің жауы-менің жауым-деп, егесіп өткен арда ұл болатын. Халқын сүйсе, Махамбеттей сүймек болса керек...

Махамбет тудырған «Қызғыш құс», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай» сынды өлеңдерінде сарабдал досқа деген арда ұлдың құса көңілі мен жан азабы соншалық айқын көрініс тапқан. Махамбет ең алдымен халқын, Отанын сүйген патриот ақын. Оның

өлеңі елін тереңнен сүюдің айқын үлгісі. Санасы оянып, ойы өсе бастаған күннен бастап-ақ ақын жалпы халық көпшілігін езіп отырған хан, сұлтан, би – төрелерге қарсы шықты. Найзасына асыл сөз, өткір тілін қоса жұмсады [3, 83 б.].

XIX ғасырдың бірінші жартысында өткір жырларымен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарыны ерекше болды. Еліне өлеңімен жігер берген Махамбеттің басты құралы – жалынды, өткір жырлары болатын. Осы жырлары арқылы халық санасын оятуға тырысқан болатын. Махамбеттің көпшілік жырларының басты тақырыбы – жас ұрпақты, туған елін, туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жарақты жауды тоқтатып» әрдайым халқы, елі үшін кездескен кедергілерді, қиыншылықты жеңе білуге үгіттейді. Исатай мен Махамбетке «ереуіл атқа ер салдырған да», «егеулі найза қолға алдырған да», «беркініп садақ астырған да» - «қара қазан, сары бала қамы».

«Толарсақтан саз кештіріп» жүрген ел қамы, қарындас қамы болатын. Махамбет «Еділ бойы ен тоғайға ел қондыруды, жағалай жатқан сол елге мал толтыруды», еліне еркіндік әперуді армандады.

Тептер үшін тебістік,
Еділ үшін егестік,
Қиғаш үшін қырылдық,
Теңдікті малға бермедік,
Теңдіксіз малға көнбедік.
Ханның кірген ақ орда,
Бұзуын ойлап кеңестік.

Ақынның бұл өлең жолдарынан Еділ, Жайық, Қиғаш үшін жанын беруге де дайын екендігін, елін, жерін күш жігері жеткенше қорғауға тырысатынын байқауға болады [1, 87 б.].

Махамбет Өтемісұлының есімі бізге жақсы таныс. Неге? Себебі, ол - халықтың азаттығын көксеген батыр, күрескер, өр рухты ақын. Махамбет қалың жұртшылықты тек қана от тілді, орақ ауызды сөз шебері ретінде өзіне қаратқан жоқ, сонымен қатар өзінің даналығы мен дарындылығының арқасында даңққа бөленді.

Махамбет – халық арасындағы келеңсіз құбылыстарды, келелі істерді өлеңіне арқау еткен өр рухты ақын. Оның шындықты бүкпей жырлаған батыл ақын екені бәрімізге белгілі. «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» атты өлеңдерінде халық зарын сөзбен өрнектеп үстем-тап өкілдерін, шенеуніктердің «дұрыс бағытын» өлеңмен түземекші болған.

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн,
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн,
Бұлықсып жүрген ерлерден

Бұрынғы бақыт тайған күн, – деген жырында да халық азабын ашына айтқан. Жалпы бір сөзбен айтқанда Махамбет бірдің емес, бүкіл ел мұңын жырлаушы.

Хан мен сұлтан, төре мен төлеңгіттер Еділ мен Жайық арасындағы халықтардың «оза шауып, егін егіп әзер тауып отырған шаруаларға алым-салық көбейтіліп, халықтың хал-ахуалы нашарлады. Сөйтіп, ел «ереуіл атқа ер салды». «Азулы елдің ашуын» Исатай мен Махамбет басқарды. Махамбет поэзиясы – Исатай бастаған халық көтерілісінің шежіресі. Махамбет поэзиясы – ұлтына ұран болған, рухы биік поэзия. Ол – өз дәуірінің үні.

Махамбеттің арқа сүйер ағасындай болған жанашыр дос, ақылды қолбасшы, Исатай екенін білеміз. Исатай – Махамбеттің көп өлеңінен орын алған қаһарман.

Исатай деген ағам бар,
Ақ кіреуке жағам бар.
Хан ұлымен қас болып,
Қара ұлымен дос болып,
Хан үстіне барғанда,
Шабайық ханды дегенде,
Шапқандай ханды амал бар, -
Амал барда хан шаппай,

Тәңірім қылды – не амал бар?! – деген өлеңінде Исатайдың, адамгершілігін, азаматтығын, батырлығын, қайсарлығын аңғаруға болады. Исатайдың қаза болғанда Махамбет батыр

бостандығынан айрылғандай күй кешті. Оны өзі де сезіп, «Қызғыш құс» өлеңінде:

Құсалақпен өтті ғой,

Махамбеттің көп күні, – деп жырлады.

Махамбеттің әр өлеңінен-ақ оның өмірін аңғаруға болады. Қамбар батыр, Ер Тарғын, Асан Қайғы, Сыпыра жырау, Қазтуған, Жиёмбет, Шалкиіз сияқты өзі туған өңірдің біртуар тұлғаларының өлмес мұрасын көкірегіне тоқып өсті. Махамбет – өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, қыр-сырын жетік меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу білімдар адам. Халықты хандық өкіметке қарсы қарулы көтеріліске шақырған алғаш қазақ ақыны.

Махамбеттің біраз өлеңдері элегиялық сарынды болып келеді. Көтереіліс сәтсіз аяқталып, алға қойған мақсат та көкке ұшып, ақын көңілі жабырқайды, өзегін өрт шалып, ең жақын достары оққа ұшады. Исатайдан айырылғаннан кейінгі өлеңдері жалғыздық сарынмен үндеседі. «Мұнар күн», «Еменнің түбі – сары бал» - Махамбеттің ішкі жан сырын, қайғысын көзінен қанды жас ағыза отырып, мұңая жырлаған жырлары [5].

Махамбет Өтемісұлының тарихи бейнесі – қазақ халқының күрескерлік қасиетінің әрі Отан мен ұлтты сүюдің үлгісіне айналды. Батыр осы тұстағы патша үкіметінің отарлық саясатын өзінің өлеңдерімен жеткізіп, халықтың мұң-мұқтажын өз жырларына арқау етті. Ақындығымен қатар, батыр бабалар жолын жалғаған шебер күйші, сондай-ақ еларалық жоралғылардан терең хабары бар мәмілегер болған. Махамбет Өтемісұлы өз шығармаларын түрлі жанрларда жазып, азаттық идеясы мен мемлекетшілдік, ұлт бірлігі мен елдік мәселелерін тереңінен насихаттады. 1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы азаттық қозғалыстың басталуының себептері де Махамбет Өтемісұлының халық мүддесін жоғары қойған тарихи тұлға болғандығын дәлелдейді. Махамбет Өтемісұлы қазақ халқының есінде халық азаттық қозғалысының белді ұйымдастырушысы ретінде қалады[4].

Қорытынды. Махамбет ақын – ұлт азаттығы үшін күрескер тарихи тұлға ретінде біздің Тәуелсіздігіміздің бастау көздерінің бірі ретінде

саналады. Сондай қоғам қайраткерлерімен бірге , өзінің отты, жалынды өлеңдері арқылы бар өмірін туған халқының мұңын жоқтауға арнаған ардақты ақын. Ол ерлікті, өрлікті өзі ғана жасамай, бүкіл поэзиясына ту етті, оны кейінгі ұрпаққа өлмес мұра ғып қалдырды. Бүгінгі жас ұрпаққа Махамбеттің ақындығын, батырлығын, күйшілігін айта отырып, оларды елін, Отанын сүйуге және өлке тарихын, тарихи – мәдени, табиғи құндылықтарын айта отырып, оқушының танымдық қызығушылығын оятуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бердіғалиева Р.Ж, Жумакулова М.К. «Махамбет оқулары-7» атты республикалық ғылыми – тәжірибелік конференцияның материалдары: – Орал: М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ РБО, 2015. – 393 бет.
2. М. Өтемісұлы «Жыр жебе» / Махамбет Өтемісұлы. – Алматы: Өлке, 2012. – 128 бет.
3. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Арыс, 2003. – 280 бет.
4. Қаипбаева А.Т. Махамбет Өтемісұлы – ұлт азаттығы жолындағы күрескер тарихи тұлға // Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының «e-history.kz» ғылыми журналы. – № 4(24). – 2020. – Алматы.
5. Исакаев Ж. Махамбет поэзиясындағы өршіл рух. // Интернет ресурсы: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/25004/ (Қаралған күні 10.02.2022, уақыты 15:44).

References:

1. Berdigaliev R.Zh, Zhumakulova M.K. «*Mahambet oqulary-7*» atty respublikalyq gylymi – tazhibelik konferencijanyn materialdary: – Oral: M.Otemisuly atyndagy BQMU RBO, **2015**. – 393 bet. (*In Kazakh.*).
2. M. Otemisuly. *Zhyr zhebe* / Mahambet Otemisuly. – Almaty: Olke, **2012**. – 128 bet. (*In Kazakh.*).
3. Zhumaliev Q. *Egeuli najza*. – Almaty: Arys, **2003**. – 280 bet. (*In Kazakh.*).
4. Qaipbaeva A.T. *Mahambet Otemisuly – ult azattygy zholyndagy kuresker tarihi tulga* // Sh.Sh. Ualihanov at. Tarih zhane jetnologija institutynyn «e-history.kz» gylymi zhurnaly. – № 4(24). – **2020**. – Almaty. (*In Kazakh.*).
5. Isakaev Zh. *Mahambet poezijasyndagy orshil ruh*. // Internet resursy: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/25004/ (Qaralghan kuni 10.02.**2022**, uaqyty 15:44). (*In Kazakh.*).